

Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің «Манашы»бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында педагогикалық кеңес өткізу туралы

№1 хаттама

Бейнеу ауылы

08.09.2022 жыл

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына- жаңа дайындық»

Қатысқандар - директор м.а. К.Корпелиева

Әдіскер - Ж.Т.Муханбердиева

Медбике - А.К.Казиева

Педагогтер - барлығы

Күн тәртібі:

1. 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарымен, жаңа жылдық міндеттемемен танысу, бекіту және жаңа стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар, үлгілік оқу жоспары туралы толық түсінік беру.
2. 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы. «Әдістемелік нұсқау хатпен» таныстыру.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда перспективалық жоспарларды бекіту.
4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қортындысы
5. **Әртүрлі мәселелер:**
 - Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясын құру.
 - Бөбекжайда жас мамандармен жұмыс жүргізуге тәлімгерлер бекіту.
 - 2022-2023 оқу жылына аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.
 - Марапатқа ұсыну туралы

Тыңдалды I

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай директорының м.а. К.Корпелиева сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық құрамымен таныстырды. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті, жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты. Ең үлкен мәселенің бірі- жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы ерекше айтып, бұйрықтармен таныстырды.

Әдіскер Ж.Муханбердиева: құрметті әріптестер биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, яғни ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізілді. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Білім туралы» ҚР заңының 5-бабының 5-1 тармақшасына, 56-бабына сәйкес стандарт: тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

Тыңдалды II

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай директоры К.Корпелиева 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен педкеңеске қатысушыларды таныстырды.

Әдістемелік нұсқау хатта: нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, тәрбиелеу-білім беру процесі, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту, заттың-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар, м.д. ұйым педагогтеріне қойылатын талаптар, м.д. білім беру жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету бөлімдері қамтылған. Бөбекжай директоры осы бөлімдердің барлығына жеке-жеке тоқталып, түсініктеме берді.

Тыңдалды III

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер Ж.Муханбердиева тыңалды. Әдіскер Ж.Муханбердиева барлық топтың перспективалық жоспарын, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін, күн тәртібін таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, бекітілді.

Тыңдалды IV

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі А.Казиева тыңдалды: Биылғы жазғы сауықтыру-шынықтыру шаралары ойдағыдай өтті. Жоспарланған іс-шаралар бойынша балаларға жеміс-жидектер, шырындар берілсе, таза ауада көп уақыттарын өткізіп, ауру-сырқаттан аман болды. Күннің ыстығында балалар бас киімі т.б. қадағалап отырылды. Барлық іс-шаралар методикалық талапқа сай өтті.

Тыңдалды V

Күн тәртібіндегі бесінші әртүрлі мәселелер бойынша бөбекжай директорының м.а К.Корпелиева бөбекжайда сапалы тәрбиелеу-білім беру дағдыларын қалыптастыру мақсатында бірнеше комиссия құру керектігін айтып, педкеңеске қатысушылардан ұсыныс, пікірлерін сұрады.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. 2022-2023 оқу жылының жоспары бекітілсін. Оқу-тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай және методикалық талаптарға сай әзірленсін. Мерзімі-үнемі, күнделікті. Жауапты- әдіскер, тәрбиешілер.
2. 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда «Әдістемелік нұсқау хат» басшылыққа алынсын. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен, әдістемелік талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын. Мерзімі-үнемі. Жауапты- әдіскер, тәрбиешілер.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда барлық топтардың перспективалық жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, күн тәртібі бекітілсін.

4. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қортындысы «жақсы» деп бағалансын.
5. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясы келесі тізімдегідей құрамда құрылсын.

Комиссия төрайымы: К.Корпелиева директор м.а

Мүшелері: Ж.Муханбердиева әдіскер

Г.Туракбаева тәрбиеші

Р.Айсултанова тәрбиеші

Ж.Жалғасбаева тәрбиеші

Жас мамандардың кәсіби бейімділігіне практикалық көмек көрсететін тәлімгерлер келесі тізім бойынша бекітілсін:

Тәлімгер С.Кенесбаева жас маман Ж.Жалғасбаева

Тәлімгер И.Утарбаева жас маман Г. Айкелбаева

Тәлімгер Г.Туракбаева жас маман Е.Джылымбаева

Тәлімгер А.Муханова жас маман Б.Тажмуханова

Аттестаттау комиссиясы төмендегідей тізім бойынша құрылсын:

Комиссия төрайымы: К.Корпелиева директор м.а

Мүшелері: Ж.Муханбердиева әдіскер

С.Кенесбаева тәрбиеші

И.Утарбаева тәрбиеші

Хатшы: С.Жандәулетова

2022-2023 оқу жылында келесі педагогтар балабақшаішілік, аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі марапаттарға ұсынылсын:

Ж.Жалғасбаева – балабақшаішілік

Е. Джылымбаева – балабақшаішілік

Б. Тажмуханова – балабақшаішілік

Г. Туракбаева – аудандық

А. Досманова – аудандық

Ж. Утарбаева – облыстық

С. Кенесбаева – республикалық

Жиналыс төрайымы:

К.Корпелиева

Хатшы:

Ж.Муханбердиева